

# Жеңіс күні құтты болсын!

ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ŞÜĞYLA-RADUGA

№35-36 (6573-6574), 6 мамыр 2026 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



Аудан айнасына 60 жыл

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

ҚҰТТЫҚТАУ

## ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚАҢАРМАНДАРЫ

Бейбітшіліктен асқан бақыт жоқ



**Аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының, аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаевтың аудан тұрғындарын Отан қорғаушы күнімен және Ұлы Жеңіс мерекесімен құттықтауы**

**Құрметті аудан тұрғындары!**  
Сіздерді Отан қорғаушы күнімен және өшпес ерліктің мерекесі – Ұлы Жеңістің 81 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз!  
Жеңіс күні – аға ұрпақтың ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған қастерлі мереке. Қаншама уақыт өтсе де, бұл күн тарих төрінен орын алатын ұлы мереке болып қала береді. Отан қорғаудағы ата-әкелердің ерлігі мен қаһармандығын бүгінде бейбіт өмір, бақытты тұрмыс кешіп жатқан ұрпақ ұмытпаса керек.

Қанмен, термен келген жеңісті жақындатқандар арасында жамбылдық жауынгерлер де аз емес. Біз олардың ерлігін алдағы күнге жеткізіп, жастарымызға жеңістің қалай келгенін ұғындыру арқылы қаза тапқандарды қадір тұтуға міндеттіміз. Өйткені майдангерлер сұрапыл соғыс жылдары ерлік танытып, елді жаудан қорғады. Аман қайтқандары елдің игілігі үшін адал еңбек етіп, кейінгі буынға адаспас жол көрсетті. Ендігі жерде біз аталардың елдік және ерлік дәстүрлерін жалғап, егемен елдің болашағын нұрлы ету жолында патриоттық рухымызды түсірмеуге тиіспіз.

Майдангерлердің ерен ерлігін ұлықтау, аямай тер төккен тұлғаларды құрметтеу – парызымыз. Ерлік даңқы алыстамайды. Ол елге мұра, ұрпаққа ұран болып қала береді.

Бүгінде Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің сарбаздары бұл даңқты абыроймен жалғастырып келеді. Баршаңызға белгілі, халқымыздың тыныштығын күзетуде еліміздің қарулы күштерінің атқарып жатқан қызметі ұшан-теңіз. Сол себепті қазақ әскерінің айбынын асқақтататын сардарлар мен сарбаздарымызға қандай құрмет көрсетсек те артық емес. Біз қашанда Отан қорғаған азаматтарды мақтан етеміз. Осыдан барып ел қорғаны атанған азаматтардың ержүрек істерінен өнеге алып өскен жас ұрпақ келешекте Отанымызға адал қызмет етеді деген сенім ұялайды.

**Қадірлі жерлестер!**  
Бүгінгідей қастерлі күнде баршаңызға зор денсаулық, отбасының амандығы мен берекесін тілейміз. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздік пен азаттықтың туы әрқашан желбіреп тұрсын деп тілейміз. Егемен еліміз өсіп-өркендей берсін!

**1418 күн мен түнге созылған сұрапыл соғыста біздің сан мыңдаған бауырларымыз Отан үшін отқа түсіп, қаншама боздақтарымыз сұм соғыстың құрбаны болғаны – ащы шындық. Олардың басым көпшілігі ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, халқымыздың ерлік рухын асқақтатты. Ұлы Жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Сол бір қасіретті күндері майдан даласында Отан үшін отқа түскен әрбір сарбаздың жүрегінде туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік пен ел алдындағы перзенттік парыз жалындағаны ақиқат. Айлар аунап, жылдар жылжыған сайын қан майданның жаңғырығы алыстай түскендей көрінгенімен, оның салған жарасы әлі күнге әр кеудені сыздатады.**

қару алып, ел қорғауға аттанды. Ішкі істер әскерлерінің құрамында соғыстың соңына дейін майдан шебінде болып, Отан алдындағы борышын адал атқарды. Сұрапыл соғыс аяқталған соң да әскери сапта қалып, тәртіп пен жауапкершіліктің туын биік ұстады. 1949 жылы бейбіт өмірге оралғаннан кейін трактор бригадасының бригадирі, санақшы болып, ел игілігіне қызмет етті. Сондай-ақ, 1984 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін «Жаңатұрмыс» колхозында есепші, бас есепшінің көмекшісі болды. Бүгінде оның кеудесінде жарқыраған II дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «Маршал Жуков» және өзге де мерекелік медальдар өткен күндердің өшпес ізі, ерліктің үнсіз куәсі десек, артық емес.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Қазақ даласынан соғысқа аттанған әрбір жауынгердің ерлігі тарихтың тақтасына алтын әріппен жазылды. Олардың қатарында жамбылдық батырлардың орны ерекше. Өкініштісі, уақыт өткен сайын

жеңісті жақындатқан жерлестеріміздің қатары азайып барады. Айталық, қазір Жамбыл облысы бойынша көзі тірі небәрі 3 майдангер ғана қалды. Үшеуі де бүгінде Тараз қаласында тұрмыс кешуде.

Мәселен, ғасырдан асқан ғұмыр иесі ардагер Шалданбай Шанбаевтың тағдыры тұтас бір дәуірдің айнасы іспетті. Ол 1942 жылы небәрі он сегіз жасында қолына

ҒАЛЫМ ҚАПАШ ТАСБОЛАТҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ



## Мейірім

(эссе)

**Кез келген жанның азамат болып саналар, Атқарған ісін көпшілік өзі бағалар. Сүйеніш болып, білгенін тынбай үйреткен, Мың алғыс айтам, пәк жүрек асыл ағалар!**

Жақсы адамдар мейірімділікті өріс етіп, қайырымдылықты қоныс етіп, айналасына жарық шашып жүреді. Олар ағадан ақыл тосқан жастарға қол ұшын беруге, демеп жіберуге әрдайым дайын тұрады.

...Қазақтың мемлекеттік университетін бітіріп, филологтың табақтай дипломын қалтаға салып, «демімізге нан пісіп» жүрген кез. Өзімізді «тау қопарып, тас жарған» баяғының жалпақ жауырынды, апайтөс батырларынан есте

кем көрмейміз. «Қызмет бізді ансары ауып тағатсыздана күтіп отыр» деп ойлаймыз. Облыстық оқу бөлімінің табалдырығын аттағаннан-ақ кадрмен айналысатын қырым еті жоқ, қатпа қараның:

– Көрінген топқа таяқты шиырып жіберсең, филологтың басына «тарс» етеді, орын жоқ, – деген сөзі аязды күні бір шелек суды төбеге төңкере салғандай әсер етті.

– Сонда не істе дейсіз?  
– Онда шаруам жоқ.

Меркі аудандық оқу бөліміне барыңыз. Солар бірнәрсе тауып берер.

Әңгіме осымен бітті. Бұған дейін көз алдымызда хас сұлудай сылаң қағып жүрген үкідей үлбіреген үміт ернін шүршітіп жылыстап ұзап бара жатқандай көрінді.

«Басқа түскен баспақшыл», «Меркі қайдасың?!» деп тартып отырдым. Түс ауа аудандық оқу бөлімі бастығының кабинетіне кірдім. Сәлем бердім. Состиып тұрмын. Қарнын алдына өңгеріп алған жуан сарының менімен шаруасы жоқ, тұқшынып жазуын жалғастыра берді. Әлден соң сүзеген бұқадай көзінің астымен қарады да:

– Шаруанды шерте бер, шырақ, – деді.

Қолымдағы жарты бет жолдаманы қолына ұстата салдым. Ары-бері аударып отырды да:

– Аудан орталығындағы орыс онжылдық мектебіне барасың деп, – телефонға қолын соза берді.  
– Аға, кешіріңіз, онда не істеймін?

– Не істегені қалай? Мұғалім боласың. Қазақ тілін орыс балаларына оқытасың.

– Жоқ, бармаймын.

– Онда өзін білесің.

«Шыға бер» дегендей есікті нұсқады.

– Жолдаманың шетіне «орын жоқ» деп жазып беріңіз.

Ертеңіне облоноға қайта келдім. Облыс мұғалімдерінің ең үлкен бастығына кіруге қабылдау бөлмесінде тұр едім, іштен орта бойлы, аққұба, егделеу кісі шықты да, есік жаққа бара бере айналып қарады да, маған «бері жүрші» дегендей ишарат етті.

→ 2

→ 4

### ЖАЗЫЛЫМ-2026

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне «Қазпошта» АҚ және редакция арқылы 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу мерзімі жатыр

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:  
2-17-98, 8 747 659 42 68

## ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАҒАСЫН  
АСЫРҒАН АНА

Жеңіс күні мерекесі – адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңдердің бірі болған Ұлы Отан соғысы аяқталып, бейбіт өмірдің орнауын білдіретін маңызды мереке. Бұл күн тек қуаныштың ғана емес, сонымен бірге өткеннің ауыртпалығын еске алып, бейбіт өмірдің қадірін терең түсінетін сәт. Майдан даласында жанын қиған боздақтар мен ел қорғаған ардагерлердің ерлігі құрметпен еске алынады. Соғыс жылдарында тылда еңбек еткен жандардың да еңбегі ерекше. Осындай тағдырлы кезеңдерді бастан өткерген жандардың бірі – тыл ардагері Бибисара Қосақбаева.



соғыстың сұрапыл жылдарымен тұспа-тұс келіп, ерте есейген ұрпақтың қатарында болды. Сол кезеңнің қиындықтары мен жоқшылықтары оның санасында мәңгілікке сақталып қалғандай.

Бибисара апа 1954 жылы Жақсылық Қосақбаевпен шаңырақ көтеріп, үлкен әулеттің ұйытқысы атанды. Отбасында 2 ұл, 8 қыз тәрбиелеп өсіріп, олардың әрқайсысын өмірге бейімдеп, адал еңбекке баулыды. Ана мейірімі мен тәрбиесінің арқасында бүгінде ұрпақтары елге сыйлы азаматтар қатарында.

Еңбек жолында да Бибисара апаның орны ерекше. Ол Шокай ауылында 20 жылдан астам уақыт қызылша алқабында еңбек етіп, ауыл шаруашылығының дамуына сүбелі үлес қосты. Қарапайым еңбек адамы ретінде маңдай терімен ел ұрысын арттыруға атсалысты.

Соғыс жылдары оның өміріндегі ең ауыр

кезеңдердің бірі болды. Сол бір қиын шақтарды еске алған әже:

«Соғыс кезінде анамызбен бірге түн ұйқымызды төрт бөліп, майданға жіберілетін шұлық тоқитынбыз. Жеңіс бізге оңай келген жоқ. Аштық та, жокшылық та болды. Бірақ бәріне төздік. Бар үмітіміз бейбіт күнге жету еді», – дейді.

Иә, тылдағы еңбек майдандағы ерлікпен тең болды. Елдегі әрбір адам, оның ішінде жас балалар да Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты. Бибисара апа сияқты қаншама аналардың қажырлы еңбегі мен төзімі – бүгінгі тыныш өмірдің негізі.

Бүгінде ғасыр жасаған ана бейбіт күннің қадірін ерекше бағалайды. Оның жүрекжарды тілегі де қарапайым әрі мәнді:

«Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Соғыс болмасын. Ұрпағымыз бейбіт аспан астында бақытты өмір сүрсін», – дейді ол.

## Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Алақандарына қараса, өткен күндер көз алдына шығатындай күй кешіп, бүгінгі күнге шүкіршілікпен таубелетіп отырған

әже 1936 жылдың 1 мамырында Жамбыл облысы, Байзақ ауданына қарасты Еңбек ауылында дүниеге келген. Балалық шағы

Соңы. Басы 1-бетте

## ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚАҒАРМАНДАРЫ

Қасіретке толы күндердің куәгерлерінің бірі – Геннадий Иванов. Ол 1926 жылдың 8 шілдесінде Кемеров облысының Яшкин ауданында дүниеге келген. Жастық шағы соғыс өртіне тұспа-тұс келген бозбала Геннадий 1943 жылдың қараша айында небәрі 17 жасында Қызыл әскер қатарына алынады.

1944 жылдың қарашасынан бастап 1-ші Украин майданы, 13-ші армияның 350-ші атқыштар дивизиясы, 917-ші артиллериялық полкінің құрамында шайқастарға қатысып, 120 мм-лік миномет расчетының командирі болды. Аға сержант Геннадий Иванов өз полкімен бірге фашистік Германияның астанасына жетіп, 1945 жылдың маусымына дейінгі ұрыстарда ерен ерлік көрсетті.

Кейіпкеріміз соғыстан кейін Боровичск әскери училищесін жедел (экстерн) түрде тәмамдап, лейтенант шенін иеленді. 1956 жылдың қыркүйегіне дейін әскери қызметте болып, рота саяси бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды. Кейін бейбіт өмірге бет бұрып, Жамбыл қаласындағы педагогикалық институтты бітірді. Саналы ғұмырын ұстаздыққа арнаған ол 1986 жылы зейнеткерлікке шыққанға дейін қала мектептерінде математика

пәнінен сабақ беріп, балаларды білім нәрімен сусындатты. Бүгінде ардагердің еңбегі мен ерлігі II дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және 12 мерекелік медальмен айықталған.

Тағы бір тараздық майдангер Иван Макеевтің өмір жолы да ерлік пен еңбекке толы. Иван Федорович 1927 жылдың 10 шілдесінде Тамбов облысының Мучкап селосында дүниеге келген. Мектепті аяқтаған соң Забайкаль майданында ерекше мақсаттағы радиодивизионның барлаушысы болып қызмет атқарды. Қиыр Шығыстағы шайқастарда ерлік көрсетіп, Харбин, Мукден, Чань-Чюнь қалаларын азат етуге қатысқан. Соғысты Чань-Чюнь қаласында аяқтап, 1951 жылға дейін сол жерде әскери қызметін жалғастырды.

1952 жылдан бастап сол кездегі милиция органдарында еңбек жолын жалғап, Жамбыл стансасындағы желілік ішкі істер бөлімінде жұмыс істеді. 1967 жылы Алматыдағы жоғары милиция мектебін бітіріп, кәсіби біліктілігін арттырды. Қарапайым оперативтік қызметкерден ОБХСС бастығына дейін көтеріліп, подполковник шеніне ие болды. Оның да еңбегі жоғары бағаланып, «Отан соғысы» орденімен,

«Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталған.

Әлбетте, майдангерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Осы мақсатпен мемлекет тарапынан да Ұлы Жеңіс қаһармандарына және оларға теңестірілген азаматтарға жүйелі қолдау көрсетілуде. «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» жергілікті атқарушы органдар және мәслихат шешімдеріне сәйкес, Жеңістің 81 жылдығына орай бірқатар азаматқа біржолғы әлеуметтік көмек қарастырылған.

Ел шетіне жау тигенде етігімен су кешіп, кеудесін оққа тосқан майдангерлерге қандай құрмет көрсетсек те жарасады. Бүгінгі тыныштық пен тұрақтылық сол бір сын сағаттарда тайсалмай алға ұмтылған жау жүрек жауынгерлердің табандылығы мен халықтың ортақ жігерінің нәтижесі екені анық. Ал, сол ерен ерлікке құрметпен қарап, бейбіт өмірдің бағасын терең түйсінуге – баршамыздың ортақ міндетіміз. Өйткені, өткенін қастерлеген ел ғана болашаққа нық қадам басады.

## ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ – 75

Жалпы, кез келген салада, мейлі ол өнер, білім, ғылым, спорт болсын, өзі сүйіп айналысқан істе жоғары жетістікке жетіп, кейінгі ұрпаққа өшпес із қалдырған тау тұлғалы азаматтарымызды өмірден өткеннен кейін еске алуға арналған түрлі іс-шара өткізіліп тұратыны белгілі.



## ЕСІЛ ЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

## Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Жуырда Аса ауылындағы мәдени-демалыс кешенінің ауласында орналасқан спорт кешенінде аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен грек-рим күресінен қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада және Әлем чемпионы,

Френц Шереш және болгариялық Павел Христовты ұтып, «мәңгі тозбас атакқа» қол жеткізді. Сонымен қатар, ол бірнеше рет КСРО чемпионатында топ жарып, Еуропа біріншілігінің күміс медалін иеленді. 1981 жылы Ослода өткен әлем чемпионатында жеңімпаз атанғаннан кейін бозкілеммен қош айтысты.

Жақсылық Үшкempiров – қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада



Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкempiровті еске алуға арналған «Әлем таныған балуан – Жақсылық Үшкempiров» атты дәріптеу кеші өтті. Балуанның 75 жылдығына орайластырылған шараға жас спортшылар қатысты.

Фибраты мол тағылымды кеште аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы Ақдана Құрымбаева балуанның тұлғалық келбетіне айрықша тоқталып, ісшараның маңыздылығына мән берді. Кітапханашының айтуынша, Жақсылық Әмірәліұлы 1951 жылдың 6 мамырында Жамбыл облысы Байзақ ауданы Тегістік ауылында дүниеге келген. Еркін күреспен екі жыл ғана айналысқанына қарамастан Қазақстан чемпионы атанған. Сонда да 20 жастағы жігіттің бұл табысын «кездейсоқтық» деп есептеген бапкерлер оны құрамаға алмаған. Бұны құп көрмеген балуан грек-рим күресіне ауысып, толағай табыстарға қол жеткізген.

Даңқты балуанның спорттық ғұмырындағы ең зор табысы – Мәскеу Олимпиадасының алтын медалі. Сол жарыста румыниялық Константин Александру, польшалық Роман Керпач, мажарстандық

чемпионы ғана емес, бүкіл ел ықыласына бөленген ерекше тұлға. Ол саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнап, туған өлкесін өркендетуге өлшеусіз еңбек сіңірді. Оның өмір жолы өскелең ұрпаққа қашанда өнеге. Халқымыздың біртуар перзентінің есімін ұлықтап, еңбегін бағалау жолында осындай ісшараның маңызы зор.

Өз кезегінде қатысушылар атақты балуанның өмірбаянымен етене танысып, викториналық сұрақтарға жауап берді.

Шара соңында кітапханашы Құралай Асхатаева жас спортшылардың назарына «Спорт – біздің серігіміз» атты кітап көрмесін ұсынып, библиографиялық шолу жасады.

Грек-рим күресінен 29 жасында Олимп шыңын бағындырған тұңғыш қазақ баласы туралы кезінде мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев: «Мен тарихта қалармын, бәлкім қалмаспын. Бірақ бір «жапырақ» болса да ел мен жердің атын шығарған Жақсылықтай жігіттер қазақтың тарихында алтын әріппен жазылатыны сөзсіз» депті. Расында да, еліне ерен еңбегі сіңген есіл ердің есімі – ел есінде.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ  
ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Сегізінші шақырылған Жамбыл аудандық мәслихатының кезектен тыс елу алтыншы сессиясы 2026 жылдың 21 мамырында аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында сағат 12.00-де төмендегідей күн тәртібімен өтеді.

1. «2025 жылғы Жамбыл ауданы бюджетінің орындалуы туралы».

2. Әртүрлі мәселелер.

Аудандық мәслихаттың біріккен тұрақты комиссияларының отырысы аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында 2026 жылдың 21 мамырында сағат 11.00-де өтеді.

Жамбыл аудандық мәслихат аппараты.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

# ЕЛІМІЗ ТЫНЫШ, ШЕКАРАМЫЗ БЕРІК БОЛСЫН!



– **Ерғали Жұмағұлұлы, өзіңіз басшылық ететін бөлімнің жұмысына тоқталсаңыз.**

– Бөлімде 14 азаматтық қызметкер, 2 әскери қызметші қызмет атқарады. Бөлімнің жұмысы – жұмылдыру, азаматтарды мерзімдік әскери қызметке жіберу, келісімшарт бойынша әскери қызметке тағайындау, әскери-оқу орындарына қабылдауға құжаттар дайындап, тілек білдірген түлектердің оқуға түсуіне қолдау білдіру, соларға үгіт-насихат жүргізу. Сондай-ақ әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді есепке алумен, запастағы офицерлердің есебін жүргізумен айналысып, жиындар өткіземіз.

– **Жастарды әскерге жіберу бойынша қандай жұмыстар атқарылуда?**

– Жылына екі мәрте әскерге шақырылым ұйымдастырылады. Былтырғы жылы көктемгі әскери шақыру науқанында 110 азамат, күзгі әскери шақыру науқанында 101 азамат әскерге жөнелтілді. Ағымдағы жылғы көктемгі мерзімді әскери шақыру науқанында ҚР ҰҚК Шекара қызметіне аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнен 9 азамат жіберілді.

Шынына келгенде, әскерге барғысы келетін де, барғысы келмейтін де жастар бар. Мұндайда насихат жұмыстарына баса көңіл бөлінеді. Әскерге шақыруды – бір ғана қорғаныс бөлімінің жұмысы деп ұғу қателік. Қоғам болып атсалысуымыз қажет.

– **Әскери-патриоттық бағыт бойынша не айтасыз?**

– Біздің бөлім аудандық «Жастар ресурстық орталығымен», білім бөлімімен бірлесе түрлі іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Өткен жылы әскери-патриоттық бағытта жалпы саны 27 іс-шара өткізіліп, оған 377 жас қатысса, жыл басынан бері әскери-патриоттық бағытта 11 іс-шара ұйымдастырылды. Аудандағы орта мектептерде құрылған әскери-патриоттық «Жас сарбаз» үйірмелері арқылы да

**Әскер – мемлекеттің айбыны. Бетке ұстар айбары. Халқының қорғаны, тәуелсіздіктің күзетшісі. Отан қорғаушы күні қарсаңында өңірдегі қорғаныс саласында атқарылып жатқан жұмыстар барысымен танысу әрі оқырмандарды хабардар ету мақсатында аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, қорғаныс капитаны Ерғали Үсеновпен сұхбаттасқан едік.**

жұмыстар жүргізілуде. Барлығы 22 үйірмеге 525 оқушы тартылған.

– **Балалардың патриоттық сезімін қалыптастыруды неше жастан қолға алу керек?**

– Отбасында бала дүниеге келгеннен бастап патриоттық тәрбие беріле бастауы керек. Патриоттық тәрбие алдымен үлкенді сыйлаудан басталады. Ол дегеніміз – ата-ананы құрметтеу, тарихты білу, ата-бабаның ұрпаққа аманат етіп кеткен жерін қорғау. Қазір қоғамның қай мүшесі де әлеуметтік желіге жегілген. Оның арасында балалар мен жастардың ара-салмағы тіптен жоғары. Сол желідегі ақпараттардың дені

– Біріншіден, денсаулық жағынан жарамды болуы, екіншіден Ұлттық бірінғай тестілеуден 50 балдан кем болмауы қос талады. Үшіншіден, психологиялық тестілеуден өтуі тиіс. Оқуға түскен адам оқу, тұру, киім, мүлік, 4 мезгіл тамақпен мемлекет тарапынан қамтамасыз етіледі. Оқу бітірген соң да жұмыспен, тұрғын жаймен мәселе болмайды. Басқа да медициналық жеңілдіктер қарастырылған. Ипотекамен үй алу, пәтерақысын төлеу секілді пакеттермен қамтылады. 47 жаста зейнетке шығады. Арнайы әскери оқу оқымаса да, әскери борышын өтегендер келісімшартпен жұмыс істеуіне мүмкіндігі бар.



бұрмалаушылыққа ұшырап жатады. Сондай жалған ақпараттарға ермей, өзіміздің төл тарихымызды құрметтеп, еліміз бен жеріміздің болашағына жанымыз ашуы қажет. Оған әрине, алдымен отбасындағы ата-ананың әсері маңызды рөл атқармақ.

– **Ауданнан әскерге аттанған жастар келеңсіз жағдайларға тап болып жатқан жоқ па?**

– Жоқ. Келеңсіз жағдай орын алған емес. Керісінше, әскерге барған азаматтарымыз жақсы жағынан көрініп, өздері де, олардың ата-аналары да марапатталып жатқан деректермен толығуда.

– **Жастарымызға әскери мамандық несі атану үшін қандай кеңес берер едіңіз?**

– **Отан қорғаушы күніне орай мерекелік лебізіңіз?**

– Отан қорғаушы күнінің құрылуының өзінде үлкен мән бар. Одан кейін 9 мамыр Ұлы Жеңістің мерекесі келеді. Осы күндерге орай бөлім тарапынан ардагерлерімізге құрмет көрсету, қызметкерлерді марапаттау секілді іс-шаралар өтеді. Ел шебін күзеткен сардарлар мен сарбаздарды мерекесімен құттықтаймын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын. Елін сүйетін, жерін сүйетін жастарымыз көп болғай.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан  
Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ.

Былтырғы көктемде Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған айшабибілік Ислам Бекен таяуда әскерден олжалы оралды. Жас сарбаз Т. Рысқұлов ауданында орналасқан «03811 әскери бөлімінде» мерзімді әскери қызметін барлаушы болып атқарған. Әскерде үлгілі қызметімен көзге түсіп, жауынгерлік және мемлекеттік дайындық пәндерінен жоғары нәтиже көрсеткен. Сол үшін де екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бигелдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері Әскери институтының мемлекеттік грантын иеленген.

## ЖАС САРБАЗ – ГРАНТ ИЕГЕРІ



Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Отан Қорғаушы күні қарсаңында аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің бастығы, капитан Ерғали Үсенов грант иегері Ислам Хамзатұлын жеке қабылдап, ризашылығын білдірді.

– Отан қорғау – әрбір азаматтың міндеті. Сол міндетке адалдық танытып, азаматтық борышынды өтеп, сенімді ақтап келдің. Азаматсың. ҚР Қорғаныс министрлігінің мемлекеттік грантын иеленгеніңді естіп, қуанып қалдық. Бұл да бір жетістік. Бәрімізге ортақ жетістік десем де болады. Ендігі кезекте Әуе қорғаныс күштерінің Әскери институтында білім аласың. Бұл сен үшін үлкен мүмкіндік әрі жауапкершілік. Еркінсуге болмайды. Әскери оқу жауапкершілікті қажет етеді. Тәртіпті болып, оқуыңды жақсылап оқы. Саған сәттілік тілеймін! – деді Ерғали Жұмағұлұлы.

Жас сарбаз өз кезегінде алдағы өмірін әскермен байланыстыратынын, жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін әскери қызметкер болғысы келетінін тілге тиек етті.

Айта кетерлігі, аталған институт – Әуе қорғаныс күштері мамандарын даярлайтын әскери жоғары оқу орны. 1974 жылы ашылған. Инженер-ұшқыш, инженер-психолог, жалпы инженер мамандықтары бойынша авиация кадрларын даярлайды.



## Соңы. Басы 1-бетте

Кабинетіне кірерде маңдайшадағы «Облыстық оқу бөлімі бастығының орынбасары Сауранбай Төленбайұлы» деген жазуға көзім түсті. «Отыр» деп алдындағы орындықты көрсетті. Алғашқы сұрағы:

– Қай оқу орнын бітірдің?

– С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің қазақ филологиясы факультетін бітірдім.

– Иә, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалімдерге бос орын жоғы рас. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту сағаты жыл санап қысқарып жатыр. Не істесек екен?

...Осы сәтте ауылдағы Иманәлі ақсақал «данышпан» екен-ау деген ой сап ете түсті. Оқиға былай болған еді. Университеттің бірінші курсы тәмамдап, ауылда демалыста жүрген кезім. Көңіл алып-ұшып тұрған шақ. Оңай ма, бір ауылдан университетте оқитын Қамысбек Иманқұлов екеуміз. Бізге дейін аталған оқу орнын бітірген белгілі жазушы Тұтқабай Иманбеков ғана. Атаға жолдан бұрылып кеп сәлем бердім.

– Жандармысың? – деді көзін көлегейлеп.

– Иә, ата!

– Қайда оқып жатырсың? Ненің оқуы? Қанша жыл оқисың?

– Алматыда. Университетте. Мұғалімнің оқуы. Бес жыл оқимын.

Ақсақал мырс етті.

– Қайран босқа кеткен 5 жыл-ай. Әй, анау Мақан оқымай-ақ бала оқытып жүр ғой. Сені де оқытты.

Үнсіз бұрылып Қамысбектің үйіне бет алдым.

Сауранбай ағай:

– Басқа қай сабақтан бере аласың? – деді.

– Ағай, мен үшін қиын сұрақ. Арнайы оқымаған пәннен қалай сабақ беремін? Мүмкін қинала-қинала тарих пәнінен бере алуым мүмкін.

– Не көп, тарихшы көп. Мәселен, шет тілінен?

Алдамшы үміт жылт еткендей болды. Көз алдыма 50 студенттің ішінен неміс тіліне икемі бар-ау деген 10 баланы таңдап алып бес жыл бойы миымызды қатырған, кіндіріп қойса тура кинодағы немістің гестапо офицерінен айнымайтын бойшаң, мойны ұзын әрі тыртық, сабақта бір ауыз қазақша сөйлемейтін, немісшеге ағып тұрған Есен Нұрмағамбетов қалт деп қалшынып тұра қалды. Неміс тілінен бітірер кезде мемлекеттік емтихан тапсырғанбыз. Ауызекі тілде немісше жөн сұрасатын шама бар.

– Неміс тілінен төменгі кластарға сабақ беруім мүмкін, – деуім мүң екен, Сауранбай ағай балаша мез болып қалды.

– Қаладан 20 шақырым жерде Аса деген ауыл бар. Сонда облыс бойынша малшының балалары оқитын сегізжылдық мектеп бар. Соның Қапаш Тасболатов деген директоры көптен бері неміс тілінің мұғалімін таба алмай жүр. Соған бар. Барлық жағдайыңды жасайды, – деді ықпалмен.

Республикаға белгілі ұстаз, филология профессоры Қапаш ағай ол кезде жігіт ағасы. Көзінен мейірім шуағы төгіліп тұрған жан екен. Жылы шыраймен қарсы алды. Шаруашылық жөніндегі орынбасарын шақырып алып мұғалімдерге арналған үйден төсек-орны дайын бір бөлменің кілтін бергізді. Сонымен жарты сағаттың ішінде Қапаш Тасболатовтың кабинетінен баспанасы бар, қызметі бар маман ретінде көкіректі керіп шыға келдім. 1965 жылдың маусым айында дәм-тұз Жамбыл ауданынан осылайша бұйырып еді.

Мектеп-интернатта оқитындардың дені Сауранбай ағай айтқандай «елдің шетінде, желдің өтінде» жыл он екі ай малдың соңында салпақтап жүретін малшының балалары мен Жамбыл қаласынан келген жетім балалар және орыс тілін үйренсін деп берген дөкейлердің балалары. Қазақ және орыс кластары қатар оқиды. Оқу жылы басталар алдындағы қарбалас шақ. Мұғалімдердің көбі әккі болған егде жастағылар. Маған сын көзбен қарайтын секілді, ашық-жарқын еміреніп тұрғандары саяуақпен санарлық. Сөзшең, лыпып тұрған Лутфулла мен байсалды, баппен сөйлейтін Қосылған екеуі мені іш тартатын сияқты. Шымкент педагогика институтын бітірген Тоғай есімді физик жігіт келіп қосылды. Алғашқы күндері байқағаным, мұғалімдер мектеп директоры Тасболатов ағайдан қатты тайсалды екен. Ол бар кезде әркім өз жұмысымен болады да, қалаға немесе аудан орталығына кеткен күндері жағалары жайлауда, арқа-бастары кеңіп қалатынға ұқсайды.

Көп кешікпей көзімнің жеткені, Тасболатов ағай тәртіптің адамы екен. Ол кісінің орынбасары Лидия Петровна Семиренко деген «қой аузынан шөп алмайтын» момын, интернет бір түнде көшіп кетсе де қиналмайтын шығар, сірә. Бірақ, кішіпейіл жақсы адам.

Оқу басталар алдында Қапаш ағай педагогикалық кеңес өткізіп, алдағы мақсаттар мен міндеттерді қақпай етіп, тәптіштеп тапсырды. Біз Тоғай екеумізді ұстаздарға таныстырды. Қай пәннен, қай кластарға сабақ беретінімізді анықтап берді. Оның үстіне Тоғай екеуміз 5 «б» орыс класына тәрбиеші болып тағайындалдық. Табыс тіледі. Сыртқа

# Мейірім

(эссе)



шықтық. Қосылған маған:

– Екеуіне у-шуы көп, «ұрып кеткен» класс тиді. Жан-жақтан келген «қиын» балалар. Тәрбиешілік тәжірибелерің жоқ, қиын болады-ау, – деп жанышынғандық танытты.

Қосылған жарықтық «көріпкел» екен. Сабақ басталғанның үшінші күні біздің кластың Иванов деген қызы 6-ншы қазақ класының ер баласын ұрып кетіпті деп мектеп шу ете қалды. Әріптестеріміздің біреулері бізге жұбатұшылық көңіл білдірсе, екіншілері кекесінмен қарайтын секілді. Директор өзіне шақырды. «Келмей жатып таяқ жейтін болды-ау» деп қинала-қинала кабинетіне кірдік. Жоқ, Қапаш ағай жерден алып, жерге салмай, нағыз ұстазға тән мінез көрсетті. Ақылдан айтты. «Кластағы әр оқушының мінез-құлқын, отбасы жағдайын, өскен ортасын жете зерттеп білген соң, соған қарай тәрбиелік амал қолдану керек. Тәрбие сағаттарына мән беріңдер. Үнемі бірге болып, кітап оқуға, спортпен шұғылдануға қызықтырыңдар».

Директорға үрке, үрейленіп кіріп, бас ұстаздың сенім арқалап жігерленіп шықтық. Жігер-шабыт ұзаққа бармады, жұқара берді. Жақсы оқитын қазақ баласын староста қойып едім. Кластағы төрт-бес бұзық оны тіптен басынып алды. Қас қылғанда Тоғайды военкомат шақырып, ол қуана-қуана әскерге кетті. Бір өзім толық ставкіге тәрбиеші болып қалдым. Оны бөлсуге даярмын, бірақ ешбір мұғалімнің ақшаға құлқы болса да, «шулы» класқа келуге құлқы жоқ. Неміс тілі өз тілім емес қой, сабақ беру үшін дайындалу керек, сырт көз қайтер екен деген сыншылар да көп. Облонодағы Сауранбай ағай мен барлық жағдайымды жасаған Қапаш ағайды ұятқа қалдырғаным – адамдығыма үлкен нұқсан.

Тырысып бақтым. Алдымен кластағы тәртіпті жөнге келтіріп алдым. Не істеу керек? Кластағы көзге білінбей, бірақ ресми емес беделімен бұзықшылықты ұйымдастырып жүрген жас «атаманды» табуым керек деп шештім. Кейбір тәртібі дұрыс деген оқушыларды жақын тартып суыртпақтап сұрасам бедірейін айтпайды, қорқатын сынайлы. Кластағы тәртіп бұзушылық фактілерін жан-жақты талдау нәтижесінде «қара бұлт» Алеша деген баланың басына үйірле берді. Жай көзге одан өткен тәртіпті оқушы жоқ. Түскі асқа барар алдында Алешаны ертіп жатақханадағы бөлмеге алып келдім де, Макаренконың әдісімен оның «сыбағасын» беруге тура келді. Ол боздап тұрып енді тәртіпті болуға уәдесін берді. Түнгі ұйқыға кетер алдында бүкіл класты ер балалар жататын үлкен бөлмеге жинадым да, «ұйымдастыру» мәселесін қарайды. Старостаны босатып, орнына Алешаны тағайындадым. Оқушылардың көзіне бұдан былай кластағы, жатақханадағы, ауладағы тәртіп үшін староста жауапты екендігін қатаң ескерттім. Алешаға тәртіптен оқшау кеткендерді қалыпқа салуға құқық бердім.

Ертеңгілік тәрбиеленушілерді тұрғызуға әдеттегі уақытта келсем, жайшылықта тұр-тұрлап әрең оянтатын менің «бұзықтарым» далада доп қуып жүр. Бөлмеге келсем Алеша бүйірін таянып нақ ортада тұр, екі бала тілмен жалағанды жалтыратып жатақхана еденін жуып жатыр. Сол күннен бастап 5 «б» класы құрысын деген сөзден құтылдым. Тәрбиешілер – мұндастар аң-тан. Жөн сұраса, әр баланың психологиясына сәй педагогикалық амал қолдану керек деп көсемсініп ақыл айтатын болдым. Сеземін, Қапаш ағамның іші біледі, бірақ үндемейді. Үндемегені, демек құптағаны. Оқу жылының

аяғына таман біздің класс оқуда да, тәртіпте де, спортта да өзге кластардан оқ бойы озық кетті. Облыстық мектеп оқушыларының спартакиадасында қыздар командасы үшінші орынды жеңіп алып, кезінде жаман атқа ие болған класс айды аспанға бір-ақ шығарсын. Қапаш ағам дән риза. Неміс тілін оқытуда облыста алдыңғылар қатарынан көрініп, лингафон кабинетін жасап-жабдықтап беруге бел шеше кірісіп кетті. Келесі жаңа оқу жылында ол кабинетте неміс тілінен дәріс беруге тағдыр жазбаған екен.

Оқу жылының аяқталуына жақын қалған кез. Директор шақыртыпты. Бардым.

– Жақсылық Сәтбековті танысың ба? – деді Қапаш ағай.

– Танимын. Обкомда нұсқаушы, белгілі ақын. Бытыр оқу бітіріп келген кезде кіріп өлең дәптерімді көрсеткенмін.

– Ендеше, ертеңге сені келсін деді.

Жаратқан Жақсылық ағаға талантты да, сымбатты да мөддіретіп бере салған ғой. Қияқ мұртты көрікті жігіт, көзілдірігін көтеріп қойып, тесіле қарады да, бірден:

– Газетке барасың ба? – деді.

– Барамын.

– Онда Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газеті бір айдан соң алғашқы нөмірін шығарады. Қазір облыстық радиокomiteтке бар, газеттің редакторы Сағат Арыновтың кабинеті уақытша сонда, күтіп отыр.

Келсем, болашақ бастығым алдындағы ақ қағазға басылған мақаланы қара сиямен айқыш-ұйқыш осықпал отыр екен. Басын көтерді де, ай-шай жоқ, ежелгі танысындай «переводчик» боласың, қазақшадан орысшаға, орысшадан қазақшаға «грамматно» тәржімелейсің, үстінен шимайлап отыруға уақыт жоқ, адам аз, санаулы күннен соң газеттің алғашқы нөмірі жарық көруі тиіс. Алда өсуіміз де, немесе құрып өшуіміз де осыған байланысты. Анау бұрқырап жатқан буданы ал да, уақытты өткізбей анау столға отырып бұрқыратып аудар бер, – деді.

– Сәке, жұмыстан шығып келуім қажет шығар.

– Райкомдай әкене жолықпай жүр екенсің, бала, ол екі айтпайды. Директорыңа айтылды, жұмыстан босың.

Таңғалдым. Не деген күш? Ең дөкей біздің Қапаш ағай деп ойлаушы едім, қалай болды?

Ертегіне таңертең Қапаш ағама соғып жағдайды айттым. Ойланып қалды. Күлімсірейі қарап:

– Білемін, райком айтты. Сен мұғалімсің, неміс тілінен жап-жақсы сабақ бердің. Оны облонодан келген комиссия да айтып кетті. Жағдайың да дұрыс, пәтерің, айлығың бар. Халима келін университетті келер жылы бітіргелі отыр. Арнайы неміс тілі кабинетін жасап беремін, әлі де ойлансаң қайтеді?

– Қамқорлығыңызға рахмет. Сізден алдағы өміріме азық болар адами қасиеттерді үйрендім. Менің арманым шығарма-шылықпен, журналистикамен айналысу еді. Соның мүмкіндігі туып тұр. Оның үстіне неміс тілінен мен қашанғы сабақ береді дейсіз? Ертең арнайы жоғары білімі барлар келеді, сол кезде мен олармен тайталаса алмай қалуым кәдік.

– Уәжің орынды. Кедергі жасамаймын. Жолың болсын. Газетте тілші болу еріккеннің ермегі емес. Сенің қолыңда партияның өткір қаруы бар. Абайлап, орынды жұмсау керек. Мақалаңның нысанасы адам болғаннан кейін онымен адамша сөйлесіп, адамша жазу керек. Адал бол, жолың ақ болсын, басына бақ қонсын!

Ағаның ақылын жадымда жаттап, ақ батасын арқалап жаңа жұмысқа білек сыбанып кірісіп кеттік.

Төрт-бес қызметкер облыстық газеттерден көмекке келген Мырзабай Кеңбейілов, Владимир Козыренко, редактор Сағат Арынов, жауапты хатшы Лесбек Шолпанқұлов, әдеби қызметкер Лесбек Өзберенов және аудармашы – осы жолдардың авторы алғашқы нөмірді 1966 жылы 1 шілдеде шығардық. Қуанышта шек жоқ. Өз жазғаның тасқа басылғанда өзгеше сипат алатынын сонда алғаш сезіндім. «Қаракерем» совхозының озат шопаны Шүлден Төлегенов туралы жазылған тырнақалды очеркімді қайта-қайта оқудан құлақ табамын. І газет менің болашағым үшін үлкен өмір мектебі болды. Аудармашылық жұмыс қаншалықты қиын болғанмен, қазақша және орысша жазудың техникасына үйретті. Ең бастысы, адамдармен етене араласуды, олар туралы кемеліне келтіре тебірене жазуды үйретті. Табиғатынан өнеге тұтарлық еңбек адамдарының ерікке парапар істерін сарыла іздеп жүріп жазатын едік. Мәселен, «Пионер» совхозында Тұрсынбай Балажанов деген механизатор болды. Шөп престеп жатқанда абайсызда аяғы шөпбуманың шығыршығына ілініп сирағын жұлып әкетеді. Айдала. Көмекке келер жан жоқ. Ол жандармен қанжоса болып бауырымен жылжып үлкен жолға жетіп, кезіккен жанның қайырымдылығымен аман қалады. Кейіннен А.Марсеев секілді протезбен-ақ аудандағы ең озат тракторшы болып аты шықты. Тұрсынбай туралы жазылған «Өмірге құштарлық» атты очеркім кезінде «Лениншіл жас» газетінің екінші жұлдісіне ие болғанын әруақытта мақтаныш тұтамын. Өмірдің адам санасына салқынын тиігізер көлеңкелі жақтарын сынап та жазатынбыз. Бірақ, Қапаш ағам берген өсиетке сай еш уақытта сыңға ұшырағандардың адами қасиеттеріне күйе жакқан емеспін.

Еткен еңбек, төккен тердің елеусіз қалмағаны қандай ғанибет. Сол кездегі аудандық партия комитетінің әр жылдардағы бірінші хатшылары Нұртаза Ибраев мені аппаратқа алып, партия жұмысына баулыса, Әнуарбек Сандыбаев бөлім меңгерушілігіне дейін жоғарылатып, Алматыдағы жоғары партия мектебіне оқуға жіберіп, екі жылдан соң аудандық газеттің редакторына шақыртып алды, ал Сейфулла Сәкенұлы Қожаханов райкомның идеология жөніндегі хатшысы етіп сайлады, Тұрсынхан Мүсірәлиев облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушілігіне ұсыныс жасады. Токетерін айтқанда, өмірімнің 20 жылын Жамбыл ауданының жұртшылығына қызмет етуге арнапмын.

Осы ауданның мәслихат депутаттары 1995 және 1997 жылдары Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутатылығына ұсынып құрмет көрсетті. Оны облыстық мәслихаттың депутаттары қолдап, Сенаттың екі дүркін депутаты етіп сайлады.

Ұстаз туралы есте қалғандарды жазу сәтін пайдаланып Жамбыл ауданының халқына ризашылық сезімімді білдіріп, ел ризығы үшін нық тірестіре еңбек еткен қабырғаластарымыз – арамызда жоқ Талас Әбдіқұлов, Нәби Момынов, Базар Қылыбаев, Тұрсынбек Жапаров, Смағұл Әбілеков, Қамзабек Қаратаев, Мұса Сыздықов, Бейсенбай Сабаев, Сайлаубек Құлжабаев, Махмұд Әшіров, Мұстафа Шаюков, Айтмахан Құралбаевтардың имандарына саламаттық, амандықта жүргендеріне жақсылық пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Әруақытта тілегіміз бір болған ардагер Әсет Кемпіреков, Жорабай Молдақұлов, Әлдиян Қалдыбаев, Хаби Биболов, Ұлжан Асабаева, Садық Баймағамбетов, Сейітбек Айтназаровтармен бірге жүрген күндерімізді ілтипатпен еске аламын.

Әр жылдары қол ұшын беріп демеген, ақылын қосып, мейірім тосып жебеген, адалдық пен адамгершілік сабақтарын үйретуден жалықпаған, мейірім шапағатын шашудан тарықпаған, тағдырыма қатысты мейірімділік көрсеткен жақсы жандар шоғырының бел ортасында еңбек жолымың алғашқы мөддір бастауының көзін ашқан ұстазым, ағам, жаны жайсан азамат, педагог-профессор Қапаш Тасболатовқа тап қылған тағдырыма дән ризамын. Қапаш ағамыз оқушыларын, студенттерін, өз ұрпақтарын адамдар санасында кездесетін дүние-қоңыздық, алармандық, қанағатсыздық, өзімшілдік секілді жаман әдеттерден аулақ болуға үнемі үндеп отырудан еш жалыққан емес. Ұлдары мен қыздары әке, ана өсиетін пір тұтып, Тасболатовтар әулетінің түтінін түзу әулетіп отырғаны – соның айғағы. Шүкір.

Бір данышпан «Дүниеге құмарлық жеңген кезде адамға деген сүйіспеншілік жеңіледі, ақылға деген сүйіспеншілік жеңіледі» депті. Бұдан асырып айту мүмкін емес. Тәу еткен тәуелсіздігімізді өміршең ететін адамдардың бір-біріне деген мейірімі мен қайырымы екендігін жадымыздан шығармасқа болғаны.

**Жандар КӨРІБАЙҰЛЫ,  
Жамбыл ауданының, Жамбыл  
облысының Құрметті азаматы.**

# Сөз құрауды «Шұғылада» жүріп үйрендім



Нұрым СЫРҒАБАЕВ,  
«Шұғыла-Радуга»  
газетінің 2011-2015 жылдар  
аралығындағы тілшісі.

Таңғалған жоқпын, сынап тұр деп те ойламадым. Жамбыл ауданы мекеменің отымен кіріп, күлімен шығатын жұмысшы таппай отырған жоқ. Мұны 100 шақырым жерден келгенімде ұнатпаған адамына айтатын редактордың кезекті бір сылтауының ең сыпайы да сұмпайы түрі деп қабылдадым. Айлықақысын сұрасам, ауыз жарымайтын ақша. Бұл біздің ауылдың жігіттерінің бір күн тас ойып, екі күн қарап отырып табатын қаржысы еді.

– Сонда сіз мені сонша жерден келгенде қарауыл болады деп отырсыз ба? – дедім сұрақты төгесінен қойып.

– Қарауыл болса не бопты? Тұрақты жұмыс әрі көз алдымызда жүріп қалам ұстаудың қыр-сырына қанығасың. Тілші болғысы келіп, осы жердің табалдырығын тоздырып жүргендер көп. Орын босап жатса, сол орынға ішімізден шыққан маман ретінде сенің отыруыңа бұл жақсы мүмкіндік, – дегендей бірденелерді айтып жатты.

Одан әрісін естігім келмеді. Әйтеуір орын босаса шақыратынын айтып, алдаусыратып, арқамнан қағып жатқандай көрінді. Ол кезде облыстық «AR-AI» газетіне жылына бір-екі мәрте ғана замандас әрі дос Есет Досалы арқылы құйрық-жалы күзеліп, тіпті қатты түзеліп барып, бірді-екілі мақала жарық көргені болмаса, жазудан мүлде хабарым жоқ еді. Осы жерге сол Есеттің айтуымен келген едім, сағым сынып қайтты.

Үйдегілер «Ол сенен бірдене дәм еткен ғой» деген соң, интернатта Сансызбай Махамбетқұловпен бірге оқыған ауылдағы Әнуархан деген досына өтініш айтып, «бұл ешкімнің ала жібін аттамайтын, бойында ақындығы бар талантты бала» дегізіп, редактордың алдынан тағы өттік. Арағайындыққа жүрген Әнуархан аға Сансызбай ағадан «Болды, жұмысқа аламыз» деген сөзді естімеген соң ба «Құрғақ қасық ауыз жырғады» дей бергенде басы бөлеге қалды. Жолда «Мен білетін Сансызбай аштан өлсе де, арына дақ түсіріп, қолын былғамайды» деп келе жатқан. Сонысы рас болып шықты. «Қазір орын жоқ, орын болса, өзін хабарласам. Осыны бұл балаға бұдан бұрын да айтқанмын», – деп өзімді ұялтты.

Ұнжырғамыз түсіп ауылға қайттық. Сол кезде мен «маған журналистикада орын жоқ» деп ойладым. Ауылда тас ойып, қой бағып жүргенде сүйенді қаламсапқа айырбастауды қатты армандап, қиялға ерік беретінмін.



Қолымнан жазу келетіндей көрінетін. Таразға жол түскенде облыс жастарының газеті – «AR-AI» редакциясының босағасынан сығалап, ондағы журналистерге қызыға қарайтынмын. Телміріп, тебіренетінмін. Соның барлығы әдіре қалғандай көрінген. Бұл 2010 жылдың күзі еді.

Енді міне, араға бірнеше ай салып, 2011 жылдың ақпанында мен үшін жағымды хабар жылт етіп, бойда бұғып жатқан талантым жер тарпыды. Іштегі семген үміт қайта бас көтеріп, атқа аяқ артудың сәті түсті. Осылайша ауылдан Таразға кетіп бара жатқан «таксидің» біріне мініп, жолай Асадан түсіп қалдым. Редактормен арада кішігірім әңгімелесу жүрді. Бір ай сынақ мерзімінен өтетінім, үдеден шыға алмасам, ауылға қайтатыным мықтап ескертілді. Екі күннен кейін сынақ мерзімі он бес күнге қысқарды. Ал аптаның төртінші күні бұйрық шығып, Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің тілшісі болып шыға келдім. Журналистік міндетімді заңды түрде атқаруға кіріскенімде редактор ұжымға «Талас ауданы – талай талантты тудырған топырағы киелі мекен. Сол ауданның тумасы Нұрымның жазуы нашар болмауы керек» деп таныстырды. Осы сөздің астарында зор жауапкершілік жатыр еді.

Ең алғаш мақала жазарда Сансызбай Бертайұлы қасына

іlestіріп, кімнен қандай мәлімет алу керектігін, мақаланы қалай жазу қажеттігін үйретіп, барынша бағыт-бағдар берді. Мені өзгелерге «ақын, журналист» деп ерекше мәртебемен таныстыратын. Шыны керек, сөз құрауды «Шұғылада» жүріп үйрендім. Сансызбай ағаның ақпейіл, ағалық қамқорлығын біркисідей көрдім. «Ақ Job»-дан жұмыстан шығып қалғанымда да қасына шақырып, қамқорлығын көрсетіп, жұмыс тапқанымша бір-екі ай паналатқан.

«Шұғыланың» сардары атанғаннан кейін, кейде таңертең жұмысқа келгенде «Қазпоштаның» аудандық филиалынан «сигналдық» газетті әкелуге мені жұмсайтын. Сол кезде ертерек барып қалсақ, ондағы мамандар ісі бұрқыраған газет парақтарын бір-біріне беттестіріп отыратын. Кейде буып-түйілген дайын бір буманы қолтықтатып жібереді. Соның өзін мәртебе санап, айдарымнан жел есіп, ерекше әсермен басапана жаңа шыққан газетті ашып көруге редакцияға қарай асыға адымдайтынмын. Бір жолы ауылдан қазіргі Түркісіб ауылына қоныс аударған Қыпшақпай есімді қариямен қалада жолығып қалдым. Ол мақалаларымды оқып жүргенін айтып, мені әбден мақтады. Мұндайда мерейің тасып, арқаланып, өзіңді сақа журналистей сезінеді екенсің. Тағы бірде Сансызбай ағаның

алдында редактор болған Болат Жапаров та жазуымның жақсы екенін айтқан. Пенде болғаннан кейін мақтау сөзге адам семіреді екен. Өйткені облысқа барғанда өзімнің әлі шикі өкпе екенімді бірден сездім ғой. Неше түрлі мақтауды «Шұғылада» жүргенде редактордың да аузынан жиі естідім. Байқап қарасақ, Сансызбай ағаның өзі түзеп-күзейтін біздің шимайымызға қабақ шытпай, қайта мақтау айтуы бізді «өссін, сағы сынбасын, шабыттанысын» деген ниеті екен ғой. Сансызбай аға тапсырыспен елдің кітабын да жазатын. Сондай істерге мені де тартып, мәтін мен өлеңдерді өңдетіп, әлдебір байқауға қатысушыларға таныстырулар жаздыртып, ақысын алып беретін. Бұл маған «қосымша қаржы тапсын» деген ағалық қамқорлығы еді. 13 жыл аталған газетті басқарған Сансызбай Бертайұлының шекпенінен небір талантты шәкірттер шықты. Қаршадайынан газет ісіне араласып өскен майталман маман журналистика саласында өзінің соны соқпағын салды, пендешіліктен биік болмысының арқасында сонынан кісі сүйсінер сұлу сөз ерді. Ұжым да өте қарапайым еді. Сол кезде білікті маманның тапшылығынан корректор болып зейнеттегі Гуля апа еңбек етті. Алланың шарапаты тие берсін, ол кісіден де үйренгеніміз көп болды. Сөздің

орынды қолданылуын, дұрыс жазылуын сол кісі қадағалайтын. Марқұм Алма әпкені көрсем, көзіме анам елестейтін. Бет-жүзі ұқсамаса да, менің де анам бір кездері есепші боп еңбек еткен, мүмкін содан болар, әлде кісі елінде жүргендіктен бе, ол кісінің бізге көрінбейтін қамқорлығы жанымға жақын еді. Іс жүргізуші болып еңбек еткен Роза әпкенің де жөні бөлек. Қанша дегенмен «Шұғылаға» жұмысқа тұрғанда құжаттарды қабылдаған сол кісі ғой, оған деген көңілде ыстық ықылас бары рас. Бөлім басшым, марқұм Дүйсенбек Орманов өте ақкөңіл, жаны жайдары жан еді. «Сенде табиғат берген дарын бар» деп отыратын. Газет беттеушісі Ғалия әпке өз ісінің нағыз маманы, тік мінезді адам. Тілшіліктің қамытын мойныма ілгенімде Шолпан Оразбаева белді журналист болатын, өлең де жазатын. Стили, ойы бізден оқ бойы озық еді. Аядай ауылдан шығып, талантының арқасында Астанаға дейін барып, уақытында өзінің әлеуетін дәлелдеді. Мен жұмысқа тұрғанда, бір жылдан бері редакцияға келіп, тапсырма алып, жазуға машықтанып жүрген Мархабат Көпбосынова жолы болмағанына қапаланып жылаған екен. Осы орынды сол дйттеп жүрсе керек. Дегенмен Сансызбай аға «Жастар тәжірибесі» арқылы оны да жұмысқа алып, қатар еңбек еттік. Кейін мықты тележурналист атанды. Айта берсек, әрқайсысының қасиеті мен артықшылығын сөз етіп, әріптестердің есімін жіпке тізе беруге болады. Басқа мамандықты қайдам, «Шұғыланың» сол кезде табалдырығын аттаған журналист жастар жазу-сызуға жаратылған таланттар еді.

«Келіннің бетін кім ашса, солы ыстық» дейді. Аудандық газет талабымды ұштады, қанатымды қатайтты. Бұл басылымда төрт жарым жыл еңбек етсем, кейін облысқа барғанда ауданда жинаған тәжірибем маған үлкен сеп болды. Бастысы, ұя бұзбадық, ұятқа қалдырмадық. «Шұғыла» – Арғынбай Бекбосын, Толымбек Әлімбек, Бекет Момынкүл секілді небір марқасқаларды шығарған қарашаңырақ. Ауданның бас басылымының 60 жылдығы құтты болсын!

Газет құрылтайшысы Дәулет Төленді азаматтығын көрсетіп, тозығы жеткен редакцияны адам танымастай өзгертті, бүлінген жерін бүтіндеді. Газеттің таралым санын да арттырып, алпыс жылдық белеске ұжымды абыроймен жеткізіп отыр. Газет редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев бастаған ұжымға шығармашылық шабыт, толайым табыс тілеймін. Мерейлі мереке құтты болсын, әріптестер!

## ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ БАЗАРБЕК ЕЛДОС ҚАНАТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Базарбек Елдос Қанатұлы, 1996 жылдың 24 сәуірінде Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Өрнек ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2017 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Экономика» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2017 жылдың қыркүйек айында Өрнек ауылдық округі әкімі аппаратында «Жастар тәжірибесі» бойынша уақытша жұмысшы болып бастадым. 2018 жылдың ақпан-сәуір айларында Жамбыл ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық бөлімшесінде «Жастар тәжірибесі» бойынша уақытша жұмысшы, сәуір-

тамыз айларында Жамбыл ауданы әкімдігі ветеринария бөлімінің іс-қағаздар жүргізуші маманы, 2018-2021 жылдары Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасының төлемдерді алдын ала бақылау және өткізу тобының бас маман-бас қазынашысы, 2023-2024 жылдары Тоғызтарау ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, 2024 жылдың мамыр-желтоқсан айларында Жамбыл ауданы әкімі аппараты персоналды басқару бөлімшесінің бас маманы, 2024-2025 жылдары аудан әкімінің бас инспекторы қызметтерін атқардым. 2025 жылдың 21 қазанынан бастап Өрнек ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

## ЕЛДІ МЕКЕНДІ КӨРКЕЙТУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ

### Құрметті сайлаушылар!

Мен ең бірінші Қазақстан Республикасының Конституциясының талаптарына сәйкес жұмыс жүргізетін боламын.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған басымдықтар мен бағыттардың орындалуын қамтамасыз ете отырып, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуға, ауыл экономикасын дамытуға келесі жұмыстарды атқаратын боламын:

– ауылдық округтің инфрақұрылымын одан ары дамыту;

– ауыл тұрғындарын жұмыспен қамтуға ықпал ету үшін мемлекеттік бағдарламалармен

жұмыс жасап, шағын және орта бизнесті одан ары дамыту;

– балаларға арналған ойын алаңдарын жөндеуден өткізіп, заман талабына сай воркауттардың ашылуын қамтамасыз ету;

– ауыл шаруашылығын дамыту;

– ауылдық округтің санитарлық тазалығын ретке келтіріп, абаттандыру жұмыстарын жүргізу;

– ағынсу мәселесін ретке келтіру.

Біз үшін ауыл әрқашан басымдық пен құрметке ие. Ауылымыздың өсіп-өркендеуіне үлес қосуыма мүмкіншілік беріп, маған дауыс беруге шақырамын.

Біз – бақуатты, дамыған ауылмен қуатты мемлекет қалыптастырамыз!

*Тапсырыс беруші: Ернар ауылдық округі әкіміне кандидат  
Базарбек Е.Қ.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
қаражаты есебінен төленді.*

## ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СӘДІР НҮРСЕЙІТ ӘСЕТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Сәдір Нұрсейіт Әсетұлы, 1997 жылы 25 тамызда Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Ернар ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ. Білімім – жоғары.

2019 жылы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетін «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша аяқтадым.

Еңбек жолымды 2019 жылдың қазанында Ернар ауылдық округі әкімі аппаратында «Жастар

тәжірибесі» бағдарламасы бойынша уақытша жұмысшы болып бастадым. 2022-2024 жылдары Ернар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы, Жамбыл ауданы әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің бас маманы қызметтерін атқардым. 2024 жылдан аудан әкімінің бас инспекторы қызметін атқарып келемін.

«Amanat» партиясының мүшесімін.

Отбасында 2 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

## АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАМЫН

Мен Ернар ауылында туып-өстім. Еңбек жолымды өз ауылымнан бастап, 2 жылға жуық қызмет атқардым. Ауылдың тыныс-тіршілігімен, жай-күйімен, ауқымды және ұсақ-түйек мәселелерімен етене таныспын. Сол үшін де менің сайлауалды бағдарламам ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге және дамытуға бағытталған.

Өз сайлаушыларыма төмендегідей сайлауалды бағдарламамды ұсынамын:

– ауылдық округтің экономикасын дамыту, тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту;

– тазалық және абаттандыру жұмыстарын тұрақты жүргізу;

– ауылшілік көшелерді түнгі жарықтандыру;

– ауылдық округке ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, жұмыс орындарын ашу, жұмыссыздық деңгейін азайту;

– ауылшілік көшелерге ағымды жөндеу;

– ескірген электр бағаналарын ауыстыру;

– «Сұлукөл» су қоймасы арқылы егістік алқаптарға су беру жұмыстарын үйлестіру;

– шаруалардың су үнемдеу технологиясын іске асыруына ықпал ету;

– «Amanat» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы аясында округ тұрғындарының жеңілдетілген 2,5 пайыздық микрокредиттер алуына ықпал ету;

– партияның «Жер аманаты» жобасы аясында халықтың егін және мал жайылымы мәселесін шешу;

– бюджеттен қаражаттың бөлінуіне ықпал ету;

– жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін толықтыруға үлесімді қосатын боламын.

### Құрметті ауыл тұрғындары!

Бәрімізге ортақ мақсат – ауылымызды көркейту, тұрмысымызды жақсарту, болашағымызды нық ету. Бұл жолда әрқайсыңыздың қолдауыңыз, дауысыңыз маңызды.

*Тапсырыс беруші: Ернар ауылдық округі әкіміне кандидат  
Сәдір Н.Ә.*

*Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
қаражаты есебінен төленді.*

## ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ СҮЙІНБЕКОВ МИРАТ МҰХТАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Сүйінбеков Мират Мұхтарұлы, 1993 жылы 2 қарашада Жамбыл ауданы, Ш.Ниязбеков ауылында дүниеге келдім. 2015 жылы Тараз мемлекеттік педагогикалық институтын «География» мамандығы бойынша тәмамдадым. Еңбек жолымды 2015 жылы

Ә.Ысмайылұлы атындағы орта мектепте география пәнінің мұғалімі болып бастадым. 2019 жылдың 2 қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Ә.Ысмайылұлы атындағы орта мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келемін.

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҰМЫТ ҚАЛДЫРМАЙМЫН

**Құрметті Ернар ауылдық округінің тұрғындары!**

Округтің экономикалық, әлеуметтік аспектілерін жан-жақты зерделей келе, сайлауалды бағдарламамды ұсынып, келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізетін боламын:

- жауапты билік пен тиімді басқару жүйесін құру;
- әкімдік пен тұрғындар арасындағы байланысты дамыту;
- экономикалық даму мен өсім;
- инфрақұрылымды дамыту;
- ауыл шаруашылығы саласын дамыту;
- жұмыспен қамту;
- әлеуметтік саланы дамыту;
- тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, округке қарасты елді мекендерде санитарлық тазалықты сақтау,

көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарын сапалы жүргізу; – интернетті қолжетімді ету, байланыс желісін жақсарту.

**Құрметті округ тұрғындары!**

Ауылдық округ әкімі лауазымына үміткер ретінде сіздерге өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсынып отырмын. Алдағы сайлауға қатысу мен үшін үлкен жауапкершілік деп түсінемін. Өзімнің білім саласында жинақтаған тәжірибем сүйене келе, әкімдік қызметінде де бағымды сынауға бел будым. Сайлауда Сіздердің қолдауларыңызбен жеңіске жетсем, ауылдық округті дамытуға бар күш-жігерімді жұмсаймын. Өзіме сенім білдірген сайлаушылардың, жалпы, жергілікті халықтың үміті мен сенімін ақтаймын. Округті бірге өркендетейік!

*Тапсырыс беруші: Ернар ауылдық округі әкіміне кандидат  
Сүйінбеков М.М.  
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
қаражаты есебінен төленді.*

## ЕРНАЗАР АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ КАНДИДАТ ЫБЫШЕВ ДУЛАТ БАХЫТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ



Мен, Ыбышев Дулат Бахытұлы, 1994 жылы 21 шілдеде Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Тастөбе ауылында дүниеге келдім. Ұлым – қазақ, білімім – жоғары.

2016 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетін «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 2016 жылдың тамыз айында Жамбыл ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы болып бастадым. 2020-2021 жылдары Шу ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және

автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі, 2022-2023 жылдары Жамбыл ауданы әкімдігі «Аса-су» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының инженері, 2023-2025 жылдары Жамбыл ауданы әкімдігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің статисі қызметін атқардым. 2025 жылдың 2 қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің сектор меңгерушісі қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 3 бала өсіріп, тәрбиелеудемін.

## АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТЫМ АЙҚЫН

Әкім болу – округ тұрғындарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, олардың әлеуметтік жағдайының жақсаруына, талап-тілектерінің орындалуына, округтің көркеюі жолында адал қызмет ету. Мемлекеттік қызметтегі жұмыс тәжірибемді пайдалана отырып, алдағы төрт жылда төмендегі жұмыстарға баса назар аударамын:

- халықтың әл-ауқатын көтеру бағытында жұмыс жасап, әлеуметтік мәселелерді үнемі назарда ұстау;
- округ тұрғындары мен ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорт саласын дамыту;
- аз қамтылған, көпбалалы отбасыларды, мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан тыс қалдырмау,

мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектермен қамтамасыз ету;

- аумақтың санитарлық тазалығын үнемі бақылауда ұстап, көгалдандыру мен абаттандыру;
- округтегі кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарымен тығыз байланыста болып, ауылдың мәдени, қоғамдық жұмыстарына белсенді араласуларын ұйымдастыру;
- тозығы жеткен электр бағаналарын алмастыру;
- ауыл көшелерін ретке келтіру, ескірген асфальт жабындыларын ағымды жөндеу, жол белгілерін орнату жұмыстарына басымдық беремін.

**Қымбатты ауыл тұрғындары!** Алдағы уақытта осы және өзге де ауқымды жобаларды бірге атқаруға шақырамын.

*Тапсырыс беруші: Ернар ауылдық округі әкіміне кандидат  
Ыбышев Д.Б.  
Жамбыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
қаражаты есебінен төленді.*

БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН!

# Достықты дәріптеген мереке



Аса ауылындағы орталық алаңда аудандық білім бөлімінің ұйымдастыруымен «Ұлт бірлігі – ұлы байлық» атты мерекелік кеш өтті. Кеште өнер көрсеткен аудан мектептерінің ұстаздары мен оқушылары өңірдегі этнос өкілдерінің бейбітшілік пен келісімде тату-тәтті өмір сүріп жатқанын патриоттық сарындағы әндерімен жеткізіп, билерімен әспеттеді.

Айтулы шарада М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің өнерпаздары қазақ халқының терең тарихы мен ата-баба даналығын «Ататолғау» биімен бейнелесе, Б.Тайшапұлы атындағы орта мектептің бишілер тобы «Көктем» биімен, Айшабибі орта мектебінің өнерпаздары «Қызғалдақ» биімен жыл мезгіліне, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін паш етті. М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің «Вокалды трио» тобы «Туған ел» әнімен Отанға деген махаббатты дәріптесе, Төле би атындағы, №2, №3, Бірлесу-

Еңбек орта мектептерінің бишілері «Қолшатыр» биімен, жастар жағы заманауи флэшмобымен өскелең ұрпақ жарқын келешекке қадам басып келе жатқанын көрсетті. М.Төлебаев атындағы балалар өнер мектебінің өнерпаздары «Бипыл» биімен ерекшеленіп, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Алаңдағы көпшіліктің көңілі көтерілген кезде ортақ шаңырағымыз биік, керегеміз кең болсын деген ниетпен ортаға шаңырақ шығарылып, «Қара жорға» биі орындалды. Ы.Алтынсарин, Т.Рысқұлов, Ә.Ысмайылұлы,

А.Матросов, Т.Токтаров, Б.Кейкиев, Ә.Тарази, Қ.Сартбаев, М.Әуезов, Абай атындағы, №7, Гродеково, Еңбек, Жамбыл, Шайдана, Жасөрген орта мектептерінің бишілері ретімен түрік, өзбек, грузин, орыс, ұйғыр, күрді, дүнген, тағар билерін билеп, этностардың мәдениеті мен өнеріне деген құрметін көрсетті.

Бейбітшілік пен достықты дәріптеген мереке ұстаздардан құрылған вокалды топтың орындауындағы «Атамекен» әнімен түйінделді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

ТУРНИР



## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР СЫНҒА ТҮСТІ

Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі қарсаңында Аса ауылындағы «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығында» мемлекеттік қызметшілердің қатысуымен волейболдан аудандық турнир өтті. Оған мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерінен жасақталған 8 команда қатысты.



Мемлекеттік қызметшілер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спорттық белсенділігін арттыру көзделген жарыста құрамалар аянып қалмады. Айналма жүйе бойынша өнер көрсетіп, өзара тартысты да қызықты ойындар өткізді. Ең көп ұпай жинаған «Бұқаралық спорт» командасы бірінші,

«Өрнек ауылдық округі» екінші, «Білім бөлімі» үшінші орынды иеленді. Әсем Нұрмаханова «Үздік үйлестіруші», Лаура Дүйсенбаева «Үздік қорғаушы», Жандос Ордабаев «Үздік шабуылшы», Бибігүл Серікбаева «Үздік ойыншы» болып танылды.

Сонынан жеңімпаз бен жүл-

дгер командаларға тиесілі диплом, медальдар, кубоктар табыс етілді. Үздік ойыншылар арнайы дипломмен марапатталды.

Руслан ӨТЕП, аудандық «Бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығының» әдіскері.

### Жамбыл ауданының мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік қызметшілердің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп Кодексі» (мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларын бұзу фактілері жөнінде хабарлау үшін орнатылған «сенім телефондарының» ТІЗІМІ

№	Мемлекеттік органның атауы	Сенім телефоны
1.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-25-02
2.	«Жамбыл аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесі	2-14-32
3.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Айшабибі ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-75-01
4.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ақбастау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-04-82
5.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-88
6.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Бесағаш ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-25-35
7.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Гродиково ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-13-77
8.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Ернарз ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-24-14
9.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Жамбыл ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-70-68
10.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қаракерем ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-46-00
11.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Көлқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-34-07
12.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қызылқайнар ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	3-43-16
13.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Өрнек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-02
14.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Қарасу ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-31-69
15.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Тоғызтарау ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	5-25-34
16.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-16-33
17.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-20-07
18.	«Жамбыл облысы Жамбыл аудандық білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-54
19.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-14-55
20.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің қаржы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-51
21.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-34
22.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-17-56
23.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-12-51
24.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-11-90
25.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-53
26.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-13-35
27.	«Жамбыл облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	2-24-67
28.	«Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі	2-15-76

### ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Майзенгер Александр Владимировичтің атына берілген «тракторист-машинист» куәлігі (ЖО 000600, 18.03.2016 ж, категория «А», «В», «Г») жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.

Газетіміздің келесі саны 13 мамыр, сәрсенбі күні шығады.



МЕНШІК ИЕСІ:  
«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясы» ЖШС

Бас редактор:  
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98  
Бас редактормен тікелей байланыс: 87765549701

Бас редактордың орынбасары:  
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177  
Аружан КҮНТУБАЙ 87002642761  
Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ 87474240395  
Құрбанәлі Шахабай 87788758489  
Жұматай Көксубайұлы 87088419629  
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер-теруші:  
Бас редактордың орынбасары:  
Тілшілер:

2-20-24  
2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №КЗ87ҰҰ00041240

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №252

Нөмірдің кезекшісі: Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта: sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз: Индексі 080200, Аса ауылы, Абай көшесі 78-үй.